*Арыстанбек Мұхамедиұлы*
*Мәдениет және спорт министрі*

*010000, Астана қ. Орынбор к-сі 8,*
*Министрліктер үйі*

**Қазақстан Республикасы**
**Орталық сайлау**
**комиссиясының төрағасы**
**Б.М. Имашевқа**

**Құрметті Берік Мәжитұлы!**

Сізді Қазіргі бессайыстан халықаралық федерацияның вице-президенті қызметіне тағайындалуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Халықаралық федерацияның мәртебелі әрі жауапты қызметіне тағайындалуыңызды Сіздің Қазақстан Республикасының өркендеп өсуі жолында атқарған ерен әрі жігерлі еңбегіңіздің лайықты бағасы деп қабылдаймын. Елбасының қарамағында жүретін еліміздің бетке ұстар орта буынының жарқын өкілі ретінде Сіздің алар асуларыңыз бен жетер жетістіктеріңіздің бір парасы әлі алда.

Отанның игілігі үшін ұзақ жылдар бойы риясыз пайдаланып келе жатқан Сіздің біліміңіз бен тәжірибеңіз келешекте бессайыстан қазақстандық спортшыларды әлемдік спорттың жаңа деңгейіне шығаруға серпін тигізетініне сенімдімін.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға береке-бірлік, жауапкершілігі аса жоғары қызметіңізде абыройыңыздың асқақтай беруіне тілектеспін.

Өзара ынтымақтастықтығымыз өзінің лайықты жалғасын табатынына үміттенемін!

*Ізгі ниетпен,*
**Министр** **А. Мұхамедиұлы**